

Күршім ауданы Марқакөл ауылдық округіне қарасты Ақжайлау ауылына шектеу іс-шарасын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Марқакөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 6 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 7 желтоқсанда № 5-14-184 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Марқакөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 22 мамырдағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Марқакөл ауылдық округі әкімінің 22.05.2019 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Күршім аудандық аумақтық инспекция басшысының 2018 жылғы 02 қарашадағы № 1233 ұсынысы негізінде, Марқакөл ауылдық округі әкімі ШЕШТІ:

1. Марқакөл ауылдық округіне қарасты Ақжайлау ауылына ұсақ мүйізді малдарының арасынан сарып ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Марқакөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

1) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Күршім ауданы әкімдігінің интернет - ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Марқакөл ауылдық округінің әкімі

А. Касентаева